

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 1, Number 319 (2017), 167 – 173

L. N. Saidullayeva¹, Zh. Sh. Yusupbayev², D. E. Kudasova¹, A. A. Ospanova¹, R. A. Abildayeva¹¹M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan²Regional Social and Innovation University, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: dariha_uko@mail.ru

DESCRIPTION OF CHEMICAL AND MORPHOLOGICAL COMPOSITION OF SECONDARY MEAT PRODUCTS

Abstract. This article deals with the first results of the intensive breeding and fattening of young cattle obtaining mainly in large mechanized feedlots and in agro complexes. However, many of them were reorganized or ceased their operations in the transition to market and economic conditions. Besides providing agricultural production, combined fodder, mineral and vitamin supplements were stopped.

In this connection there is the need for extensive use of natural vegetable food and food industry waste.

Meat products of the second categories (head, ears, rump, udder) and internal organs (tongue, brain, liver, heart, kidney, trachea, esophagus, lungs, spleen, stomach, tendons, etc.) are by-products in the slaughtering.

Semi-finished products, pates and delicatessen of meat production were used for the study.

At this time, the work on the production and use of meat products of the second category for the catering is carrying out to increase the resources of the meat products. Therefore, in the meat industry for efficient use of meat products, special attention is paid to the quality of their processing with low material costs.

Keywords: sausages, semi-finished products, jellied meat, by-products, morphological structure, chemical composition.

ӘОЖ 636.2

Л. Н. Сайдуллаева¹, Ж. Ш. Юсупбаев², Д. Е. Кудасова¹, А. А. Оспанова¹, Р. А. Абильдаева¹¹М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан,²Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚОСАЛҚЫ ЕТ ӨНІМДЕРІНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНА СИПАТТАМА

Аннотация. Жұмыста жас мүйізді ірі қара малдың ересектерін карқынды өсіру мен бордақылаудағы алғашқы жоғарғы нәтижелер негізінен ірі механикаландырылған бордақылау аланқайлары мен кешендеріндегі жағдайларда жасалуы көрсетілген, ал олар нарықтық экономика жағдайына өткен кезде көбісі қайта құрылыш, немесе өз қызметін тоқтатқан. Одан басқа ауыл өндірісіне, ТСА (табиги сүтті ауыстырыштар) құрама азықпен минералды-дәрумен қоспалармен камтамасыз ету тоқтатылды. Осы жағдайларға байланысты қарқынды өсіру мен бордақылауда жергілікті табиги жем мен өсімдік шаруашылығының тамақ өнеркәсібінің қалдықтарын шамасынша көнінен қолдану қажеттілігін ескеру қажет.

Зерттеу барысында қосалқы ет өнімдері шұжықтарды, жартылай дайын өнімдерді, паштеттерді, дірілдіктерді өндірген кезде колданады. Қазіргі таңда тағамдық мақсатқа II дәрежелі ет тәріздес өнімдерді пайдалану нәтижесінде ет қорларын көбейту үшін жұмыстар жүргізілуде. Осы мәселеге орай қосалқы ет өнімдерін тиімді пайдалану үшін, оларды аз шығынмен сапалы өндеуге, материалдық шығынды аз жұмсауға ет өнеркәсібінде үлкен назар аударылада.

Түйін сөздер: шұжықтар, жартылай дайын өнімдер, дірілдіктер, қосалқы ет өнімдері, морфологиялық құрамы, химиялық құрамы.

Ғылыми негізде ұйымдастырылған түрде қарқынды өсіру, бордақылау сиыр етінің, I және II дәрежелі қосалқы ет өнімдері және басқа мал сойыс өнімдерінің сапасын жақсартып жана инновациялық өндірісті ұлғайтуға ықпал етеді, ейткені мал өнімдерінің азаюы малды толыққұнды азықтандырмауға, малдардың ауырмауына, құнделікті азықтану ережесін бұзуға байланысты болады [1-4].

Жас мүйізді ірі қара малдың ересектерін қарқынды өсіру мен бордақылаудағы алғашқы жоғарғы нәтижелер негізінен ірі механикаландырылған бордақылау аланқайлары мен кешендеріндегі жағдайларда жасалған, ал олар нарықтық экономика жағдайына өткен кезде көбісі қайта құрылып, немесе өз қызметін тоқтатқан. Бұдан басқа ауыл өндірісіне, ТСА (табиги сұтті ауыстырыштар) құрама азықпен минералды-дәрумен қоспалармен қамтамасыз ету тоқтатылды. Осы жағдайларға байланысты қарқынды өсіру мен бордақылауда жергілікті табиги жем мен өсімдік шаруашылығының тاماқ өнеркәсібінің қалдықтарын шамасынша көнінен қолдану қажеттілігін ескеру қажет [5].

Қажетті сападағы ет пен ет өнімдерін өндіру әлбетте ет ұшасымен ішкі мүшелерді қалыптастыратын қоспалардың өсуін анықтау және әр түрлі жастағы есу кезендеріне ағзаның сыртқы орта жағдайларына деген қабілетіндегі талаптарын анықтауға арналған. Осыған орай ғылыми-зерттеу жұмыстарында салмақ қосу сипатын және ұшаның шығымы, іш майдың, ет өнімдерінің (I және II дәрежелі ет тәріздес өнімдер) туылғаннан кейінгі кезенінде және өсіру мен бордақылаудың әр түрлі инновациялық технологиялық процестеріндегі сипаттарды зерттеу, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі үдемелі инновациялық-технологияларды жасап шығаруға ықпал етеді [7].

Зерттеу барысында қосалқы ет өнімдері шұжықтарды, жартылай дайын өнімдерді, паштеттерді, дірілдіктерді өндірген кезде қолданады. Қазіргі таңда тағамдық мақсатқа II дәрежелі ет тәріздес өнімдерді пайдалану нәтижесінде ет корларын көбейту үшін жұмыстар жүргізілуде [8]. Осы мәселеге орай қосалқы ет өнімдерін тиімді пайдалану үшін, оларды аз шығынмен сапалы өндеуге, материалдық шығынды аз жұмсауға ет өнеркәсібінде үлкен назар аударылуда.

Қосалқы ет өнімдерінен мал сойғандағы екінші сұрыптағы өнімдер (бас, құлак, құйрық, желін, ет кесінділері) және де ішкі мүшелер (тіл, ми, бауыр, жүрек, өкпе, көмей, жұтқыншақ, бүйрек, көкбауыр, асқазан, көк ет, өңеш жатады) [9].

Қосалқы ет өнімдері морфологиялық және химиялық құрамына байланысты I және II дәрежелерге бөлінеді [10].

I дәрежелі ет тәріздес өнімдерге тіл, бауыр, бүйректер, ми, жүрек, сиыр мен қой құйрымшақтары, сиыр желіні, ал II-сіне бас (мисыз және тілсіз), өкпе, өңештер (барлық малдың), көмей, барлық малдың көкбауырлары, кұлақтары, сиыр мен шошқаның көнірдектері; сиыр мен қойдың қарындары, ұлтабарлары, еріндері, сиыр жұмыршақтары (жалбыршақ қарындары), шошка аяқтары, құйрықтары, ақазандары жатады [11].

Отандас және шетелдік авторлар жұмыстарында [12-15] ет тәріздес өнімдерді, техникалық шикізатты қайта өндеудің және олардың тاماқ пен азық мақсатында пайдаланудың жеке мәселелері қаралған. Сонымен бірге ет тәріздес өнімдерді пайдалану туралы, әсіресе II дәрежелі қосалқы ет өнімдері ет, жартылай фабрикаттар, консервілер мен шұжық өнімдерін шығаруда пайдалану туралы мәліметтер аз. Сондықтан бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру қажет деп есептейміз [16-20].

«Ішкі мүшелер деп жақтары, бас, мойын, кеуде, қуысы, іш, жамбас манайларында орналасқан және өз тесіктері арқылы сыртқы ортамен байланысатын мүшелер жүйесі» деген түсінік бар деп жазады. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады, бауыр, бүйрек, көк ет, етті-сүйек құйрық, жүрек, ми және тіл қосалқы ет өнімінің I дәрежесіне, ал II дәрежелісіне ішкі мүшелер жатады [21]. Қосалқы ет өнімдерін кіретін әрбір ішкі мүше әр түрлі қызметтерді атқарады. Салмағы 3,1 кг. болатын бауыр дененің таза салмағынан 1,46% және бордақылауға қойғанда ұша салмағынан 2,47% құрады (1-кесте).

Бауыр майларды қорытатын ет бөледі және зат алмасуға процесінеде қатысады, көмірсуларының (гликоген) жиналатын орыны болып табылады және корғаныс рөлін орындаиды, яғни бауырда түрлі улы заттар жойылады және қандағы ақуыздардың ыдырайтын өнімдері залалсыздандырылады [22].

Бордақылау кезінде ет тәріздес өнімдерге жататын ішкі мүшелер әр түрлі дәрежеде болады. Бұл кезінде ет тәріздес өнімдерге жататын ішкі мүшелер әр түрлі қарқындылықпен өседі. Бұл

1-кесте – Бұқашықтарды бордақылауга қойғандағы I дәрежелі ет тәріздес өнімдердің салмагы мен шығымы.

Көрсеткіштер	Бордақылауга қойғанда			
	тірілей салмақтан		дененің таза салмағынан, %	ұшаның таза салмағынан, %
	кг	%		
Бауыр	3,1±0,2	1,23	1,46	2,47
Бүйректер	0,65±0,05	0,26	0,31	0,52
Көк ет	1,25±0,06	0,49	0,59	1,0
Етті-сүйекті құйрық	0,65±0,04	0,26	0,30	0,51
Жүрек	0,97±0,02	0,38	0,45	0,77
Ми	0,36±0,01	0,14	0,17	0,29
Тіл	0,72±0,02	0,28	0,34	0,57

кезеңде бауырдың тірілей салмақтан шығымы 1,23 пайыздан 1,28-1,40 пайызға, ал дененің таза салмағынан (асқазан-ішек жолының тірілей салмағы) 1,46 пайыздан 1,51-1,66 пайызға дейін жоғарылады (2-кесте).

I-ші дәрежелі ет тәріздес өнімдердің ішінде сояр алдындағы салмақ пен ұша салмағынан бауырдан кейін жоғары үлес салмақтағы арындары көк ет (0,49 және 1%) және жүрек (0,38 және 0,77%) алады. Кеуде мен іш құystарының шекарасында көк ет - қатпарлы бұлшық ет, кеуде құысына күмбез тәріздес болып кіріп тұрған және қабыргалар мен бел омыртқаларға бекіген бұл бұлшықет кеуде тынысындағы күшті ауа жүткыш болып табылады [23].

Жүрек қан айналымдағы орталық мүше, ол үлкен және кіші жабық қан айналымдағы қандарды жүргізеді. Қандағы козғалыс бір бағытта жүректің қақпақша құрылымы арқылы жүргізіледі, ейткені қақпақшалар қанның ағысына бөгет жасайды [24].

2-кесте – Бақылау тобындағы бұқашықтарды бордақылаудан кейінгі I дәрежелі ет тәріздес өнімдерге жататын мүшелердің салмагы мен шығымы, өсуі.

Көрсеткіштер	Салмагы, кг	Шығымы, %			Өсімі, кг	Өсу коэффициентті
		тірілей салмағынан	дененің таза салмағынан	ұша салмағынан		
Бауыр	3,9±60,1	1,28	1,51	2,54	0,86±0,12	1,03
Бүйректер	0,75±0,04	0,24	0,28	0,47	0,1±0,02	0,90
Көк ет	1,46±0,05	0,47	0,55	0,93	0,21±0,01	0,93
Етті-сүйекті құйрық	0,77±0,05	0,25	0,29	0,49	0,12±0,01	0,96
Жүрек	1,13±0,04	0,36	0,43	0,72	0,16±0,01	0,94
Ми	0,41±0,03	0,13	0,15	0,26	0,05±0,02	0,90
Тіл	0,82±0,05	0,26	0,31	0,52	0,10±0,04	0,91

Жұз күндік бордақылау кезінде көк ет мен жүректің үлес салмағы дененің таза салмағы мен ұшаның салмағына қатысты 0,59; 0,45 және 1; 0,77 пайыздан 0,55-0,63; 0,42-0,49 және 0,93-1,01; 0,70-0,78 пайызға дейін тәмендеді.

Сояр алдындағы тірілей салмақтан бүйректер, етті-сүйекті құйрықтардың үлес салмағы, дененің таза салмағынан (0,31 және 0,30%) және ұша салмағынан (0,52 және 0,51%) болмашы артық немесе бірдей болды (2-кесте). Бүйрек – бұл жұпты немесе қос мүше, қызыл-коңыр тұсті, омыртқаның екі жағына бел аймағында орналасқан. Несеп бөлу мүшелері бүйректерден және несеп бөлестін жолдардан – бүйрек құystарынан, несеп ағу жолынан, құыттан және несеп үрпісінен тұрады. Несеп бөлу мүшелері қаннан керексіз және зиян заттарды ағзадан шығару үшін, бірінші кезекте зат алмасудағы азот өнімін, сонымен қатар тұздар мен суды және қан құрамының тұрактылығын сақтауға қызмет етеді. Бұл даусыз өте қажет қызмет, себебі ағзада жиналған ыдырау өнімдерінің қалдықтары жиналып ағза өзін өзі уландыра бастайды [25].

Бауырдың (1,03-1,09), көк еттің (0,91-1,01), етті-сүйекті құйрықтың (0,94-0,98) өсуі тілге (0,89-0,91), миға (0,90-0,93) және бүйректерге (0,77-0,90) қарағанда қарқынды жүрді. Бордақылау кезінде өсудің жоғары қарқындылығымен бауыр (1,03-1,09) және төмендігімен бүйректер (0,77-0,90) ерекшеленді. Бауырдың өсімі (1,65 кг қарсы 1,27 кг) көк еттің (0,55 кг қарсы 0,28 кг), етті-сүйекті құйрықтың (0,23 кг қарсы 0,16 кг) және жүректің (0,42 кг. қарсы 0,22 кг) өсімі, бордақылау барысында II тәжірибе топтағы бұқашықтарда I тәжірибе, әсіресе бақылау (0,86; 0,21; 0,12; 0,16 кг) тобындағы жастары тетелес бұқашықтармен салыстырганда жоғары ($P<0,05$) болғаны байқалды [26].

Бұл ішкі мүшелердің өсу коэффициенттері екінші тәжірибе тобында (1,09; 1,01; 0,98 және 1,01) бірінші тәжірибе тобындағы малдарға (1,05; 0,91; 0,94 және 0,91), әсіресе бақылау тобындағы тетелестеріне (1,03; 0,93; 0,96; 0,94) қарағанда анағұрлым жоғары болды. Екінші тәжірибе тобындағы бұқашықтарда өсу қарқыны бойынша тілде (0,91), мида (0,93), I тәжірибе тобындағы бірдей жастағы бұқашықтармен салыстырганда (0,89 және 0,90) жоғары, ал тәжірибе тобындағы жас төлдердің өсуі бойынша бүйректердің өсу коэффициенті (0,77) I тәжірибе және бақылау (0,88 және 0,90) тобындағыларға қарағанда төмен болды [27].

Сондықтан ет тәріздес өнімдерден жасалған барлық шұжық және консерві өнімдерінде олардың сапасы жақсарту үшін дәмін келтіріп, емдік-сақтандыру қасиетін жоғарылатын дәрілік шөптерді қоспаған. Осылан байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарында кең көлемде дәмдеуіш хошиісті және басқа дәрілік өсімдіктерді өкпе-бауыр шұжығы өнімдерін шығаруға пайдаланып жасау қажет [28].

Өкпе-бауыр шұжықтары сапа талабына сай болуы керек: батондар түбінен, сиыр ішектерінде немесе жасанды қабықтарды, тура немесе иілген ұзындығы 50 см. бір жағынан байланған батонын төменгі жағынан 20-25 см. ұзындықта байланады.

Қарқынды өсіру мен бордақылаудан кейін сойылған бұқашықтардан алынған ет, ет өнімдерінен, сиыр етінен, көк ет, бүйрек, бауыр, аяқ, ерін, құлактар, бастың жұмсақ еті, өңеш, тілдерді толығымен өндеп, қосалқы ет өнімдерінен шұжық өнімдері дайындалды.

Ет тәріздес өнімдерден жасалған консервілер мен шұжық өнімдерінің сапасын жақсарту және емдік-алын алу қасиетін беру үшін оларға дәрілік өсімдіктер қосылды, олар мыналар: хош иісті райхан, бақша жебірі және бұрышты жалбыз [29].

Ет тәріздес өнімдердің химиялық құрамы еттің химиялық құрамына ұқсас, бірақ тағамдық нәрлілігі төмендеу, өйткені олардың құрамында толыққұнды нәрлі емес ақуыздар (коллаген, эластик), май және май тәріздес заттар бар.

Толыққұнды ақуыздар бауырда, бүйректерде, тілде жүректе болады.

Адамдардың тамақтануында қосалқы ет өнімдері пайдалы да қажет болып табылады. Құрамында коллагені бар ақуыздың байланыстырығыш ұлпаларды ысытқан кезде желатин түзеді, ол асқорытуға белсенді қатысып, асқазан мен ішектердің сөл бөлуіне ықпал етіп, ас корыту қызметін жақсартады және ішектің микрофлорасының қызметі мен жағдайын жақсартып, оған он әсер етеді.

Құрамында байланыстырығыш ұлпа ақуыздары жоғары ет пен ет тәріздес өнімдер атеросклероз, гипертония және жүректің ишемиясы бар науқастардың және де сонымен катар жастары ұлғайған қариялар мен жүйкелері тез қозғыш адамдардың тамақтануына қажет.

Ет тәріздес өнімдер табиги түрде және түрлі өнімдерді жсауда шикізат ретінде де жақсы қолданылса да олардың химиялық құрамы жеткілікті зерттелмеген. Барлық қосалқы ет өнімдері, әсіресе бауыр ақуыз бер дәрумендердің көзі болып саналады.

Қосалқы ет өнімдерінің құрамындағы ақуыз заттардың болуы еттен кем болмағанымен, ақуыздардың толық құндылығы жағынан айқын ерекшеленеді. Бірқатар авторлардың мәліметтері бойынша, бірінші орында құлактар (25,24%), бауыр (17,4%), жүрек (13,5-15,1%), тілдер (12,6-14,2%), сонғы орында кенірдек (10,5%).

Бауыр майларды қорытатын өт бөледі; зат алмасуға қатысады, көмірсуларының (гликоген) жиналатын орыны болып табылады және қорғаныс рөлін орындаиды, яғни бауырда түрлі улы заттар жойылады және қандағы ақуыздардың ыдырайтын өнімдері залалсыздандырылады [30].

I-ші дәрежелі ет тәріздес өнімдердің ішінде сояр алдындағы салмақ пен ұша салмағынан бауырдан кейін жоғары улес салмақтағы арындары көк ет (0,49 және 1%) және жүрек (0,38 және 0,77%) алады. Қеуде мен іш күystарының шекарасында көк ет - қатпарлы бұлшық ет, қеуде қуы-

сына күмбез тәріздес болып кіріп тұрған және қабыргалар мен бел омыртқаларға бекіген бұл бұлшықет кеуде тынысындағы күшті ауа жұтқыш болып табылады.

Жүрек қан айналымдағы орталық мүше, ол ұлкен және кіші жабық қан айналымдағы қандарды жүргізеді. Қандағы қозғалыс бір бағытта жүректің қақпақша құрылымы арқылы

Сиырдың қосалқы ет өнімдерінде жоғары майлылығымен желін, ми, құйрық, тіл ерекшеленсе, майлылығы аздау болып бүйрек, жүрек, өкпе ерекшеленеді.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Podar C., Sievas E., Daneasa M. Unele aspect ale cresterii compensatoare in ingrasarea tineretului taurin // Prod. Anim. Zootehn. Med. veter. – 1991. –Vol. 39, N 11. – P. 17-24.
- [2] Тамаровский М.В. Экономические и социальные предпосылки разведение галловейского скота в Республике Казахстан // Жарысы. – Алматы: Бастау, 2004. – N 4. – С. 14-15.
- [3] Червинский А.П. Развитие костяка у овец при нормальных условиях, при недостаточном питании и после кастрации самцов в раннем возрасте. –М., 1990. – Т. 1. – С. 148-170.
- [4] Узаков Я.М. Современное состояние и пути развития мясной промышленности в Республике Казахстан // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – Алма-Ата, 2004. – N 1. – С. 4-6.
- [5] Узаков Я.М., Рыскелдиев Б.А., Байболова Л.К. Мясная промышленность Республики Казахстан // Проблемы и перспективы. – Алма-Ата, 2008. – № 1. – С. 6-8.
- [6] Узаков Я.М., Рыскелдиев Б.А., Байболова Л.К. Мясная промышленность Республики Казахстан // Пищевая промышленность Казахстана. – Алма-Ата, 2004. – № 5. – С. 16-19.
- [7] Баймуханов А., Курманбай У. Мясная продуктивность молодняка верблюдов казахского бактриана // Поиск. – Алматы: ВШК, 2003. – № 2. –С. 227-237.
- [8] Зарпуллаев Ш.Н., Жуманбаев А.С., Алиханов Ж. Интенсивное выращивание, откорм и мясная продуктивность некондиционного молодняка крупного рогатого скота // Научные основы развития сельского хозяйства на юге Казахстана: сб. науч. трудов ЮКИНИСХ. – Алматы: Бастау, 2001. –С. 204-216.
- [9] Фомичев Ю.П., Архипов Г.И., Кислов А.В., Матусевич В.Е., Комаров Л.Л. Интенсификация мясного скотоводства. – М.: Росагропромиздат, 1991. – 72 с.
- [10] Аманжолов К.Ж., Мелдебеков А.М. Производство говядины и кожевенно сырья высокого качества в Казахстане: Монография. – Алматы, 2001. – 164 с.
- [11] Семенюк Н.И. Круглогодовой откорм молодняка крупного рогатого скота на однотипных рационах // Молочное и мясное скотоводство. – М., 1990. – № 8. – С.18.
- [12] Левахин В.И. Интенсивное выращивание молодняка крупного рогатого скота // Сб. науч. трудов Всесоюзного НИИ мясного скотоводства. – М., 1990. – С. 6.
- [13] Жузенов Ш.А., Жусупов М., Кулиев Т.М. Как правильно выращивать бычков казахской белоголовой породы до высокой кондиции // АгроИнформ. – Астана, 2006. – № 8. – С. 17-18.
- [14] Жузенов Ш.А., Жазылбеков Н.А., Жусупов М. Эффективность производства говядины в зависимости от съемной живой массы бычков казахской белоголовой породы // Животноводство, кормопроизводство и ветеринария. – Алматы: Бастау, 2006. – № 2. – С. 72-73.
- [15] Байболова Л.К., Таева А.М., Сулейменова Г.Х. Использование субпродуктов II категории в производстве кулинарных изделий // Тез. докл. науч.-практ. конф. – Алматы: Бастау, 1997. – С. 87-93.
- [16] Дьяков С.М. Высокопитательные корма в рационах молодняка крупного рогатого скота на откорм // Молочные и мясные скотоводство. – М., 1990. – Вып. 12, № 8. – С. 18.
- [17] Никитченко В.Е., Бойко И.А., Гудыменко В.И., Мавроммати П.П. Мясная продуктивность и качество мясо бычков вскармливанием им люцерновых гранул // Молочное и мясное скотоводство. – М., 1990. – Вып. 12. – С. 20.
- [18] Афанасьев Г.И., Никитченко В.Е. Эффективность производства говядины привырощивания и откорме помесных симментальных гомитинских бычков // Молочное и мясное скотоводство. – М., 1990. –Вып. 12. – С. 19.
- [19] Кажибаева Г.Т., Тулеуов Е.Т. Проектирование рецептуры паштета «жагымды» с применением белкового комплекса // Мат. Межд. науч.-техн. конф. – Алматы: Бастау, 2000. – С. 391.
- [20] Тулеуов Е.Т., Кажибаева Г.Т. Использования кишечного сырья в производстве мясных продуктов // Хранение и переработка сельхозсырья. –Алматы: Бастау, 1998. – № 6. – С. 44.
- [21] Файзиевский М.Л. Малоотходные технологии на мясокомбинатах. –М.: Колос, 1993. – С. 207.
- [22] Кажибаева Г.Т., Тулеуов Е.Т. Использование кишечного сырья в колбасном производстве // Информ. листок Семипалатинский ЦНТИ. – Семей, 1998. – 23 с.
- [23] Аманжолов К.Ж., Құлмұхамедов А.И. Ет өндірудің қолайлы технологиясы // Жарысы. – Алматы: Бастау, 2003. – № 9. – Б. 3-9.
- [24] Баймұхамбетов М.А., Рахимов К.Д., Алимгазинова Б.Ш., Нургожин Т.С. Фитотерапия сердечно-сосудистых заболеваний. – Алматы, 2000. – 212 с.
- [25] Ушбаев К.У., Никонов Г.К. Лечебные свойства растений Казахстана. – Алматы, 1994. – 214 с.
- [26] Абрамова Ж.И., Березовецкова И.П., Котельникова Н.Е., Куманичкин С.Д., Щедрунов В.В. Способ приготовления мясных рубленых изделий // Описания изобретения. SU 1591929 (51)5 A23L1/31. – М., 1990. – № 34. –С. 25.
- [27] Горопшко Г.П., Коршунова Т.Н., Лиацын А.В., Любченко В.И. Пищевая добавка для производства мясных изделий, например сырокопченых колбас // Описания изобретения RU 2115341 6A23L1/314. – М., 1998. – № 20. – С. 269.

- [28] Антипова Л.В., Рогов И.А., Глотова И.А. Методы исследования мяса и мясных продуктов. – М.: Колос, 2001. – 376 с.
- [29] Петенко А.И., Кофман М.В. Описания изобретения. Способ откорма молодняка крупного рогатого скота. СИ. 1801384(51) 5A23K1/16. №10.1993. –10 с.
- [30] Рогов И.А. Общая технология мяса и мясопродуктов. – М.: Колос, 2000. – С. 367.

REFERENCES

- [1] Podar C., Sievas E., Daneasa M. Unele aspecte ale cresterii compensatoare in ingrasarea tineretului taurin // Prod. Anim. Zootehn. Med. veter. 1991. Vol. 39, N 11. P. 17-24.
- [2] Tamarovskij M.V. Jekonomicheskie i social'nye predposyalki razvedenie gallovejskogo skota v Respublike Kazahstan // Zharshy. Almaty: Bastau, 2004. N 4. P. 14-15.
- [3] Chervinskij A.P. Razvitiye kostjaka u ovec pri normal'nyh uslovijah, pri nedostatochnom pitaniyu i posle kastarcii samcov v rannem vozraste. M., 1990. Vol. 1. P. 148-170.
- [4] Uzakov Ja.M. Sovremennoe sostojanie i puti razvitiya mjasnoj promyshlennosti v Respublike Kazahstan // Pishhevaja i pererabatyvajushchaja promyshlennost' Kazahmtana. Alma-Ata, 2004. N 1. P. 4-6.
- [5] Uzakov Ja.M., Ryskeldiev B.A., Bajbolova L.K. Mjasnaja promyshlennost' Respublikii Kazahstana // Problemy i perspektivy. Alma-Ata, 2008. N 1. P. 6-8.
- [6] Uzakov Ja.M., Ryskeldiev B.A., Bajbolova L.K. Mjasnaja promyshlennost' Respublikii Kazahstan // Pishevaja promyshlennost' Kazahstana. Alma-Ata, 2004. N 5. P. 16-19.
- [7] Bajmuhanov A., Kurmanbay U. Mjasnaja produktivnost' molodnjaka verbljudov kazahskogo baktriana // Poisk. Almaty: VShK, 2003. N 2. P. 227-237.
- [8] Zarpullaev Sh.N., Zhumanbaev A.S., Alihanov Zh. Intensivnoe vyrashhivanie, otkrm i mjasnaja produktivnost' nekondicionnogo molodnjaka krupnogo rogatogo skota // Nauchnye osnovy razvitiya sel'skogo hozjajstva na juge Kazahstana : sb. nauch. trudov JuKINISH. Almaty: Bastau, 2001. P. 204-216.
- [9] Fomichev Ju.P., Arhipov G.I., Kislov A.V., Matusevich V.E., Komarov L.L. Intensifikacija mjasnogo skotovodstva. M.: Rosagropromizdat, 1991. 72 p.
- [10] Amanzholov K.Zh., Meldebekov A.M. Proizvodstvo govjadiny i kozhevennoo syr'ja vysokogo kachkstva v Kazahstane: Monografija. Almaty, 2001. 164 p.
- [11] Semenjuk N.I. Kruglogodovo otkorm molodnjaka krupnogo rogatogo skota na odnotipnyh racionah // Molochnoe i mjasnoe skotovodstvo. M., 1990. N 8. P. 18.
- [12] Levahin V.I. Intensivnoe vyrashhivanie molodnjaka krupnogo rogatogo skota // Sb. nauch. trudov Vsesojuznogo NII mjasnogo skotovodstva. M., 1990. P. 6.
- [13] Zhuzenov Sh.A., Zhusupov M., Kuliev T.M. Kak pravil'no vyrashhivat' bychkov kazahskoj belogolovoj porody do vysokoj kondicii // Agroinform. Astana, 2006. N 8. P. 17-18.
- [14] Zhuzenov Sh.A., Zhazylbekov N.A., Zhusupov M. Jeffektivnost' proizvodstva govjadiny v zavisimosti ot s#emnoj zhivoj massy bychkov kazahskoj belogolovoj porody // Zhivotnovodstvo, kormoproizvodstvo i veterinacija. Almaty: Bastau, 2006. N 2. P. 72-73.
- [15] Bajbolova L.K., Taeva A.M., Sulejmenova G.H. Ispolzovanie subproduktov II kategorii v proizvodstve kulinarneyh izdelii // Tez. dokl. nauch.-prakt. konf. Almaty: Bastau, 1997. P. 87-93.
- [16] D'jakov S.M. Vysokopitatel'nye korma v racionah molodnjaka krupnogo rogatogo skota na otkorm // Molochnye i mjasnye skotovodstvo. M., 1990. Vyp. 12, N 8. P. 18.
- [17] Nikitchenko V.E., Bojko I.A., Gudymenko V.I., Mavrommati P.P. Mjasnaja produktivnost' i kachestvo mjaso bychkov vskarmlivaniyu im ljucernovyh granul // Molochnoe i mjasnoe skotovodstvo. M., 1990. Vyp. 12. P. 20.
- [18] Afanas'ev G.I., Nikitchenko V.E. Jeffektivnost' proizvodstva govjadiny privyplashhivaniyu i otkorme pomesnyh simmental'nyh gomitinskikh bychkov // Molochnoe i mjasnoe skotovodstvo. M., 1990. Vyp. 12. P. 19.
- [19] Kazhibaeva G.T., Tuleuov E.T. Proektirovanie receptury pashteta «zharymdy» s primeneniem belkovogo kompleksa // Mat. Mezhd. nauch.-tehn. konf. Almaty: Bastau, 2000. P. 391.
- [20] Tuleuov E.T., Kazhibaeva G.T. Ispol'zovaniye kishechnoo syr'ja v proizvodstve mjasnyh produktov // Hranenie i pererabotka sel'hosyrya. Almaty: Bastau, 1998. N 6. P. 44.
- [21] Fajshievskij M.L. Maloothodnye tehnologii na mjasokombinatah. M.: Kolos, 1993. P. 207.
- [22] Kazhibaeva G.T., Tuleuov E.T. Ispol'zovanie kishechnogo syr'ja v kolbasnom proizvodstve // Inform. listok Semi-palatinskij CNTI. Semej, 1998. 23 p.
- [23] Amanzholov K.Zh., Kulmuhamedov A.I. Et ondirudin kolajly tehnologijasy // Zharshy. Almaty: Bastau, 2003. N 9. P. 3-9.
- [24] Bajmuhametov M.A., Rahimov K.D., Alimgazinova B.Sh., Nurgozhin T.S. Fitoterapija serdechno-sosudistiyh zabolovanij. Almaty, 2000. 212 p.
- [25] Ushbaev K.U., Nikonov G.K. Lechebnye svojstva rastenij Kazahstana. Almaty, 1994. 214 p.
- [26] Abramova Zh.I., Berezoveckova I.P., Kotel'nikova N.E., Kumanichkin S.D., Shhedrunov V.V. Sposob prigotovlenija mjasnyh rublenyh izdelij // Opisanija izobretenija. SU 1591929 (51)5 A23L1/31. M., 1990. N 34. P. 25.
- [27] Goroshko G.P., Korshunova T.N., Liacyn A.V., Ljubchenko V.I. Pishhevaja dobavka dlja proizvodstva mjasnyh izdelij, naprimer syrokopchenyh kolbas // Opisanija izobretenija RU 2115341 6A23L1/314. M., 1998. N 20. P. 269.
- [28] Antipova L.V., Rogov I.A., Glotova I.A. Metody issledovanija mjesa i mjasnyh produktov. M.: Kolos, 2001. 376 p.
- [29] Petenko A.I., Kofman M.V. Opisanija izobretenija. Sposob otkorma molodnjaka krupnogo rogatogo skota. SI. 1801384(51) 5A2ZK1/16. N 10.1993. 10 p.
- [30] Rogov I.A. Obshchaja tehnologija mjesa i mjasoproduktov. M.: Kolos, 2000. P. 367.

Л. Н. Сайдуллаева¹, Ж. Ш. Юсупбаев², Д. Е. Кудасова¹, А. А. Оспанова¹, Р. А. Абильдаева¹

¹ЮКГУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан,

²Региональный социально-инновационный университет, Шымкент, Казахстан

ОПИСАНИЕ ХИМИЧЕСКОГО И МОРФОЛОГИЧЕСКОГО СОСТАВА ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ МЯСОПРОДУКТОВ

Аннотация. В работе рассмотрены результаты интенсивного выращивания и откорма молодняков крупнорогатого скота полученные в основном в условиях крупных механизированных откормочных площадок и агрокомплексов. Однако многие при переходе к рыночно-экономическим условиям реорганизовались или прекратили свою деятельность. Кроме того, обеспечение сельскохозяйственных производств комбинированными кормами и минерально-витаминными добавками прекращалось.

В связи с этими возникает необходимости широкого использования натуральных природно-растительных кормов и отходов пищевой промышленности.

При забое скота к субпродуктам относят мясные продукты второй категории (голова, уши, курдюк, вымя) и внутренние органы (язык, мозг, печень, сердце, почки, трахея, пищевод, легкие, селезенка, желудок, сухожилия и др.).

Для исследования используются полуфабрикаты, паштеты, формы и колбасные изделия мясных производств.

В данное время для увеличения ресурсов мясных продуктов проводятся работы по производству и использованию мясных продуктов второй категории для общественного питания. Поэтому в мясной промышленности для эффективного использования мясоподобных продуктов особое внимание уделяется на их качественную переработку с малыми материальными затратами.

Ключевые слова: колбасы, полуфабрикаты, холодец, субпродукты, морфологическая структура, химический состав.

Авторлар туралы мәлімет:

Юсупбаев Жақсылық – ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, «Биология» кафедрасы, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті

Абильдаева Роза Абдрахманқызы – биология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Химиялық инженерия және Биотехнология» ЖМ, «Биотехнология» кафедрасы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Кудасова Дариха Ерөділқызы – магистр-оқытушы, «Химиялық инженерия және Биотехнология» ЖМ, «Биотехнология» кафедрасы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Оспанова Айгерим Абдрахманқызы – магистр, ага оқытушы, «Химиялық инженерия және Биотехнология» ЖМ, «Биотехнология» кафедрасы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Сайдуллаева Лайла Нұрланқызы – магистрант, «Биология» кафедрасы, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті